

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дания Корольдігінің Үкіметі арасындағы
Дипломаттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы
ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қарашадағы № 1187 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылғы 10 маусымда Астана және Копенгаген қалаларында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дания Корольдігінің Үкіметі арасындағы Дипломаттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

(2010 жылғы 26 қарашада күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені,
2011 ж., N 1, 6-құжат)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
С Ы Р Т Қ Ы І С Т Е Р

МИНИСТРЛІГІ

13-1/5955

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дания Корольдігінің Сыртқы істер министрлігіне өзінің ілтипатын білдіреді және келесі мазмұндағы: «Қазақстан Республикасы Елшілігінің 2009 жылғы 14 ақпандағы нотасына жауап ретінде Дания Корольдігінің Сыртқы істер министрлігі Дания Үкіметінің қазақстандық барлық дипломаттық паспорттардың иелеріне 2010 жылғы 6 сәуірден бастап Данияға визасыз кіру құқығын беру шешімі туралы хабарлауды өзіне мәртебе санайды. Өзаралық қағидатын назарға ала отырып, Сыртқы істер министрлігі даниялық дипломаттық паспорттардың иелері үшін Қазақстанға кірген кезде сәйкес артықшылықты күтеді» 2010 жылғы 31 наурыздағы № 36.D.268 нотасын алғанын растауды мәртебе санайды.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер

министрлігі өзаралық қағидатын назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дания Корольдігінің Үкіметі арасындағы дипломаттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы нотамен алмасу нысанындағы төмендегі мазмұндағы Келісімді жасасуды ұсынуды өзіне мәртебе санайды:

ДАНИЯ КОРОЛЬДІГІНІҢ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Копенгаген қаласы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Дания Корольдігінің азаматтарын - жарамды дипломаттық паспорттардың иелерін Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және транзитпен өту мақсатында виза алу қажеттілігінен бірінші кірген сәттен бастап 6 (алты) айдың ішінде 90 (тоқсан) күннен аспайтын кезеңге босатады.
2. Дания Корольдігінің Үкіметі Қазақстан Республикасының азаматтарын - жарамды дипломаттық паспорттардың иелерін Дания Корольдігінің аумағына келу, кету, және транзитпен өту үшін виза алу қажеттілігінен бірінші кірген сәттен бастап 6 (алты) айдың ішінде 90 (тоқсан) күннен аспайтын кезеңге б о с а т а д ы .
3. Аккредиттелетін мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің жазбаша сұрау салуы негізінде қабылдаушы мемлекеттің құзыретті органдары болу мерзімін ұзартуға р ұ қ с а т б е р у і м ү м к і н .
4. Қазақстан Республикасында дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің қызметкерлері ретінде іссапармен жүрген Дания Корольдігінің азаматтары - жарамды дипломаттық паспорттардың иелері, сондай-ақ жарамды дипломаттық паспорттары бар олардың отбасы мүшелері аккредиттелген мерзімде виза ресімдеусіз Қазақстан Республикасының аумағына

келе алады, бола алады және кете алады.

5. Дания Корольдігінде дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің, қызметкерлері ретінде іссапармен жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары - жарамды дипломаттық паспорттардың иелері, сондай-ақ жарамды дипломаттық паспорттары бар олардың отбасы мүшелері аккредиттелген мерзімде виза ресімдеусіз Дания Корольдігінің аумағына келе алады, бола алады және кете алады.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дания Корольдігінің Үкіметі осы Келісім күшіне енгенге дейін кем дегенде 30 (отыз) күн бұрын дипломатиялық арналар арқылы жарамды дипломаттық паспорттардың үлгілерімен алмасады.

Дипломаттық паспорттарға қандайда бір өзгерістер енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дания Корольдігінің Үкіметі оларды қолданысқа енгізгенге дейін кем дегенде отыз (30) күн бұрын жаңа дипломаттық паспорттардың үлгілерін дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне жолдайды.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дания Корольдігінің Үкіметі ұлттық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, қабылдаушы мемлекеттің аумағында болуы қолайсыз деп танылған азаматтың келуінен бас тарту, болу мерзімін қысқарту немесе тоқтату құқығын, сондай-ақ осы Келісімнің қолданысын уақытша тоқтата тұру, ішінара немесе толық тоқтату құқығын өзінде қалдырады.

8. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Қазақстан Тарапының оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламасын дипломаттық арналар арқылы Дания Тарапы алған күнінен бастап келесі күні күшіне енеді.

Министрлік осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Елшілікке өзінің зор құрмет сезімін

білдіретіндігіне тағыда сендіреді.

Астана қаласы, 2010 ж. «__» маусым

2010 жылғы 10 маусымда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дания Корольдігінің Үкіметі арасында ноталар алмасу нысанында Дипломаттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық - құқық
департаментінің*

Басқарма бастығы

Б. Пискорский

Дания Корольдігінің Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Тарапы осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде өткізетініне сенім білдіре отырып, жоғарыда аталған нотада баяндалған шарттармен келісетінін растайды.

Дания Корольдігінің Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзінің зор құрмет сезімін білдіретіндігіне тағыда сендіреді.

Копенгаген, 2010 жылғы 10 маусым
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Астана